

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы N 392 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 шілдедегі N 623 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы N 392 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы N 392 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

**Қ А У Л Ы                      Е Т Е М І Н :**

1. "Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы N 392 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 20, 201-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлыққа N 8 қосымшада:

"Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті төрағасының орынбасары (мемлекеттік өртке қарсы қызмет мәселелерін басқаратын) - ішкі қызмет генерал-майоры" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы - ішкі қызмет генерал-майоры".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*